



**БЕКІТЕМІН**

«Қарағанды облысы  
білім беруді дамытудың  
оқу-әдістемелік орталығы»  
директоры

**Б.Х. Абдикерова**

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2021 жыл

**«ПЕДАГОГ ҚҰЗЫРЕТІ: МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ  
БАЛАЛАРДЫҢ БОЙЫНДА БОЛАШАҚ ДАҒДЫЛАРЫН  
ДАМУ ШАРТЫ»**

мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметкерлерінің  
Х облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
**ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ережелер**

Ғылыми - тәжірибелік конференция (бұдан әрі - ФТК) Қарағанды облысында білім беруді дамытудың 2021-2022 оқу жылына арналған оқу-әдістемелік орталығының іс-шаралар жоспарын орындау үшін өткізіледі және мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің жобалау-зерттеу және шығармашылық жұмысының қорытындылаудың ұйымдастырушылық нысаны болып табылады.

1.1. Өтетін күні: **03 наурыз 2022 жыл**

1.4. Конференция құрылымы:

- «Болашаққа бағытталған мектепке дейінгі білім» пленарлық пікірталас;
- Конференция бағыттары бойынша сессия - шеберханалар.

**2. Конференцияның мақсаты мен міндеттері**

2.1. Конференцияның мақсаты – жаңартылған білім беру мазмұнын іске асыру жағдайында мектепке дейінгі білім беру сапасын арттырудың жаңа тәсілдерін зерделеу бойынша ақпараттық және әдістемелік қолдау көрсету.

2.2. Міндеттері:

- жаңартылған білім беру мазмұнын жүзеге асыру жағдайында мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру бойынша инновациялық тәжірибенің өнімді педагогикалық тәжірибесін анықтау және тарату;
- балабақша педагогтерінің шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал ету;
- балабақша педагогтерінің өздігінен білім алу және кәсіби өзін-өзі дамыту процестерін ынталандыру.

2.3. Конференцияның негізгі бағыттары:

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілік және патриоттық

тәрбиенің негізі ретінде дәстүрлі құндылықтарға тарту.

- «Мектепке дейінгі білім беру педагогі - кәсіби даярлықтың трансформациясы».
- «STEAMS» болашақ дағдыларын дамытудың шарты ретінде мектепке дейінгі білім беру тәжірибесі».
- «Заманауи білім берудің технологиялық шешімдері: мектепке дейінгі білім беруді әзірлеушілер мен практиктердің коллаборациясы».
- «Мектепке дейінгі білім берудегі инклюзивті тәжірибе».
- Психологиялық-педагогикалық қолдау табысты баланың дамуының шарты ретінде.
- «On-line балабақша» жобасы арқылы мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен білім беруде қашықтан оқыту технологияларын енгізу.
- «Жас оқырман» жобасы арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың оқуға қызығушылығын арттыру.

### **3. Конференцияға қатысушылар**

Мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, психологтер, логопедтер, әдіскерлер, балабақшалар мен шағын орталықтардың тәрбиешілері, мектепалды сыныптардың тәрбиешілері, бастауыш сынып мұғалімдері, *сондай-ақ жоғары оқу орындарының, колледждердің оқытушылары, ғылыми қызметкерлер, аудандық және қалалық білім бөлімдерінің әдіскерлері.*

### **4. Конференция басшылығы**

Конференцияны басқаруды ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады. Ұйымдастыру комитеті Конференцияны дайындау және өткізу бойынша жұмыс жүргізеді, бағдарламаны, қатысушылар тізімін бекітеді.

Мақалаларды сараптауды ұйымдастыру үшін ұйымдастыру комитеті тиісті бағыттар бойынша мамандарды тартады.

#### **4.1. Конференцияны ұйымдастыру комитеті**

*Ұйымдастыру комитетінің міндеттері:*

- Конференцияны өткізу тәртібін белгілейді;
- Қатысушылардың баяндамаларын рәсімдеу талаптарын бекітеді;
- Конференция қатысушыларына консультативтік және әдістемелік көмек көрсетеді;
- Конференцияның барлық қатысушыларына тең жағдай жасайды;
- Конференция аясында өткізілетін іс-шаралар туралы мектепке дейінгі ұйымдарды уақытылы хабардар етеді;
- Ұсынылған материалдардың ғылыми, логикалық және практикалық маңыздылығын бағалау үшін сараптамалық топты қалыптастырады, оның қызмет тәртібін айқындайды, конференцияға қатысатын жұмыстарды бағалау технологиясын бекітеді.

4.2. Сараптамалық топ: баяндамаларға сараптаманы 17.01.2022 ж. бастап 17.02.2022 ж. дейінгі мерзімде критерийлер бойынша жүргізеді:

- Баяндама мазмұнының конференция тақырыбына жалпы сәйкестігі;
- Өзектілігі;
- Жұмыстың зерттеу және ғылыми аспектілері;
- Материалды баяндау сауаттылығы мен қисындылығы;
- Бағалау пікірлерінің, қорытындыларының дәлелділігі;
- Тәжірибелік маңыздылығы.

Ұйымдастыру комитеті үміткердің жұмысы Конференция Ережесінің талаптарына сәйкес келмеу негізінде оған қатысудан бас тартуға құқылы.

## 5. Жұмыстарды ұсыну тәртібі

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мәселелеріне жетекшілік ететін білім беру бөлімдерінің әдіскерлері немесе мамандары өз аймағындағы конференция мақалаларына сараптама жүргізуі қажет. Шешім хаттамасымен сараптамадан өткен материалдарды **2022 жылғы 17 ақпанға дейін** Қарағанды қ., С. Сейфуллин к-сі, 8/2, мекенжайы бойынша мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру бөліміне ұсыну қажет. Электронды пошта: **umc-ro@umckrg.gov.kz, А. Бугубаеваға.**

Ұйымдастыру комитеті мақұлдаған материалдар конференция жинағында жарияланады.

## 6. Мақаланы рәсімдеуге қойылатын талаптар:

- ✓ Мақала көлемі: қазақ немесе орыс тілінде, А4 форматта кестелер, суреттер және графиктерді қоса алғанда компьютерлік мәтінде 4 бетке дейін. Жиегі – барлық жағынан да 2 см.
- ✓ Автор(лар)дың аты-жөні, ұйымның атауы, қала/аудан (шрифтсі Times New Roman, KZ Times New Roman, курсив, кегль 14) атын парақтың ортасына орналастыру керек. (Үлгіні қараңыз). **Авторлардың саны екі адамнан аспауы керек!**
- ✓ Мақаланың аты (шрифтсі Times New Roman, KZ Times New Roman, жартылай қарайтылған, кегль 14, жазу әріптерімен) – парақтың ортасында. (Үлгіні қараңыз).
- ✓ Негізгі мәтін Times New Roman (кегль 14) шрифтсімен бірлік жоларалық интервал арқылы орындалады (Үлгіні қараңыз). Негізгі мәтіннің азатжолдық шегінісі – 1 см; теңгерілімі – ені бойынша; мәтіндегі тасымалдардың орналасуы – автоматты түрде; беттерге нөмірлеу қойылмайды.
- ✓ Әдебиеттер тізімі – негізгі мәтіннен кейін (шрифтсі Times New Roman, KZ Times New Roman (кегль 14)). (Үлгіні қараңыз).
- ✓ Әдебиеттер сілтемесі - тік жақшада, әдебиеттер тізіміндегі дереккөздің соңында және беттің №. (Үлгіні қараңыз).

- ✓ Суреттер \*.bmp, \*.tif, \*.jpg, \*.wmf форматтарында беріледі немесе Microsoft редакторы қойылады. Суреттердің атауы 12-шрифтімен, курсивпен ерекшеленеді, суреттің астына ортасына жазылады.
- ✓ Кестелер Microsoft Word-та қойылады, Microsoft Excel кестелік редакторда немесе тікелей Word-та орындалады. Кестелердің аты 12-шрифтімен жазылады, курсивпен ерекшеленеді, кестенің астына ортасына жазылады.

✓  
**6. Қосымша 1.** Ұйымдастыру комитеті мен конференцияның сарапшылар тобының құрамы.

**Қосымша 2.** Мақаланы рәсімдеу үлгісі.

**1 қосымша**

### **Конференцияны ұйымдастыру комитетінің құрамы**

Б.Х. Абдикерова, ББД ОӘО директоры - төраға

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:

С.С. Контаев, ББД ОӘО ғылыми кеңесшісі.

Г.Г. Мукашева, ББД ОӘО бөлім меңгерушісі.

А.Д. Бугубаева, ББД ОӘО әдіскері.

### **Сараптама тобының құрамы**

Г.С. Сарсекеева, ББД ОӘО сараптама кеңесінің хатшысы.

У.Т. Дауыпбаева, ББД ОӘО әдіскері.

Б.М. Хамитова, Теміртау қаласы білім бөлімінің әдіскері.

**Қосымша 2**

### **МАҚАЛАНЫ РӘСІМДЕУ ҮЛГІСІ**

А.А. Ахметова

Теміртау қ. № «\_\_\_\_\_» б/б

### **МАҚАЛА АТАУЫ**

Негізгі мәтін. Негізгі мәтін. Негізгі мәтін. [1, б. 1]. Негізгі мәтін. Негізгі мәтін. Негізгі мәтін. Негізгі мәтін.

### **Әдебиет:**

Автор. Атауы. Басылым орны. Шыққан жылы